

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

М. Ерманова

2025 ж.



Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топ/сыныптарының тәрбиеленушілері арасында «Әсемпаз болма әрнеге» мәнерлеп оқудан республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жеке меншік) Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топ/сыныптарының тәрбиеленушілері арасында «Әсемпаз болма әрнеге» мәнерлеп оқудан республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Байқау Абайдың 180 жылдығына арналған іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу бойынша медиажоспарының 261 тармағына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** коммуникативтік дағдыларды дамыту, өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды үйрету.

1.4. Міндеттері:

- өлеңнің мазмұнын қабылдап, эмоциямен жеткізе білуге баулу;
- интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге жаттықтыру;
- сөздік қорды байыту, көркем әдебиетке деген қызығушылықты дамыту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-сі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармалары, аудандық, қалалық білім бөлімдері.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық ;

II кезең – облыстық;

III кезең – республикалық деңгей.

2.4. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін Білім басқармасы басшылары бұйрығымен аудан, қала, облыс, республикалық маңызы

бар қалалар мен астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде байқау комиссиясы құрылады.

2.5. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қауымдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.6. Байқау комиссиясының мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- жүлделі орындарға лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, орындар бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;
- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.8. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамау.

2.7. Республикалық кезеңнің Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

1) Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) Байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы)

3) Байқаудың I және II кезеңдеріне қатысушы тәрбиеленушілердің санын көрсете отырып, II кезең қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байқау комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірме);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес келетін, ұзақтығы **3 минуттан** аспайтын бейнематериал.

2.8. Материалдар Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топ/сыныптарының тәрбиеленушілері арасында «Әсемпаз болма әрнеге» мәнерлеп оқудан республикалық байқауының атауымен **2025 жылғы «18» тамыздан** кешіктірілмей Институттың i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар мен шарттар.

3.1. Байқаудың III кезеңіне (республикалық) I-орын жеңімпазы (1 жұмыс) жіберіледі.

3.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының тәрбиеленушілері (5 жастағы балалар) қатысады.

3.3. Байқауға қатысушы автордың, өлеңнің атауын жариялайды.

3.4. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;
- материалдарды тегін пайдалануға, шығармашылық жобаларға қосуға келісім береді.

3.5. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу аясында дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

4.1. Орындау деңгейі 5 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- таңдалған материалдың Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- таңдалған материалдың қатысушының жасына сәйкестігі;
- автор мен өлеңнің атауын жариялай білуі;
- өлеңге интонация, ым, ишара арқылы өз көзқарасын білдіре білуі;
- бейне сапасы.

5. Бейнематериалға қойылатын талаптар

5.1. Байқау бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуға тиіс:

- түсірілім кәсіби, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (нөмірдің басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы).
- бейнематериал ұзақтығы **3 минуттан** аспауы тиіс.

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

- I орын;
- II орын;
- III орын.

6.1. Байқау жеңімпаздары Институттың дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталады.

6.2. «Әсемпаз болма әрнеге» байқауының қорытындысы мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 57-46-52

**Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында мектепке дейінгі
ұйымдар мен мектепалды топ/сыныптарының тәрбиеленушілері
арасында «Әсемпаз болма әрнеге» республикалық байқауына қатысу
үшін өтінім**

_____ облысынан (қала)

МДҰ-ның толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	Жауапты педагогтің аты-жөні	Баланың ата-жөні, жасы	Шығарманың атауы	Бейнематериалдар орналастырылған YouTube платформасындағы сілтеме